

EduFusion жобасы аясында «Тренерлерді даярлау» семинары: білімнің тұрақты болашағына инвестиция

2026 жылы ақпан айының 16 жұлдызында Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде Erasmus+ EduFusion – Network for Sustainable Growth жобасы шеңберінде халықаралық Train-the-Trainer Capacity-Building Workshop «Тренерлерді даярлау» семинары басталды.

Бұл іс-шара – Еуропалық және Қазақстандық университеттерді біріктірген, білім беру бағдарламаларын жаңарту және тұрақты дамуға бағытталған қабілеттерді дамыту мақсатындағы маңызды алаң болды.

Жаһандық өзгерістер қарқынды дамып жатқан қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесі жаңа ұрпақ мамандарын – икемді, салааралық және тұрақты дамуға бағытталған мамандарды даярлау қажеттілігімен бетпе-бет келуде. Train-the-Trainer форматы өзектілігін арттырып отыр, себебі ол тек жеке оқытушыларды оқытуға ғана емес, сонымен қатар университеттердің ішкі кадрлық әлеуетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл әлеует заманауи оқыту тәсілдерін кеңінен таратуға мүмкіндік береді.

Семинардың мақсаты:

- еуропалық озық білім беру тәжірибелерін енгізуге ықпал ету;
- салааралық оқытудың дағдыларын дамыту;
- тұрақты даму мақсаттарына сәйкес тұрақты білім беру шешімдерін қалыптастыру;
- Қазақстан университеттерінің институционалдық әлеуетін нығайту.



Осылайша, тренерлерді даярлау университеттерді трансформациялаудың стратегиялық құралына айналып, академиялық қауымдастық ішінде білімді тарату арқылы ұзақ мерзімді әсер береді.

Семинар жұмысына Еуропа мен Қазақстанның жетекші университеттері мен ұйымдары қатысуда, соның ішінде Instituto Politécnico do Porto (Португалия), Universidad de Vigo (Испания), Central Asian Association for Accreditation of Education, сондай-ақ

Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, К.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті және С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінен семинарға Халықаралық ынтымақтастық және академиялық мобильдік департаментінің директоры Э.А. Утеубаева, тәжірибе, құзыреттілік және мансап кеңсесінің жетекшісі Б.Т. Абенов және ауыл және орман шаруашылығы институтының директоры Г.К. Сатыбалдиева қатысуда.

EduFusion жобасына қатысу Қазақстан университеттеріне халықаралық ынтымақтастықты дамыту, озық тәжірибелермен алмасу және инновациялық білім беру шешімдерін бірлесіп әзірлеу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Тренерлерді даярлау заманауи педагогикалық технологияларды енгізе алатын және ұлттық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін жаһандық деңгейде арттыра алатын тұрақты кәсіби қауымдастықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

EduFusion – бұл тек жоба емес, білімнің болашағын қалыптастыруға арналған платформа, онда негізгі рөлді жаңа буын университеттік тренерлер – өзгерістерге дайын көшбасшылар атқарады.